

# Апталдай азамат, білікті дәрігер еді...

**Елдің қабырғалы азаматы,  
«Қазақстанның еңбек сіңірген дәрігері»  
Асқар Байжұманов дүниеден озды.**

Асқар Байжұманов 1939 жылы 19 тамызда Жангелдин ауданы, Шилі ауылында дүниеге келген. 1964 жылы Алматы мемлекеттік медицина институтын бітірген соң туған ауданының ауруханасында еңбек жолын бастап, онда 1971 жылға дейін хирург, одан бас дәрігері болды. Ал 1971 жылы Торғай облысының ашылуына байланысты Арқалық қаласына қызметке шақырылып, Торғай облыстық ауруханасында хирургия бөлімінің меңгерушісі (1971-1991 ж.ж.), облыстың бас хирургі (1991-1997 ж.ж.), Арқалық қаласындағы орталық аурухананың бас дәрігерінің орынбасары қызметін абыроймен атқарды. 1978 жылы атақты Алматы

декларациясы қабылданған Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымының конференциясына қатысқанын мақтанышпен ауыз толтыра айтатын едік.

Қашан да туралықтан таймайтын, әділдігін айтқанда алмастай жарқылдайтын Асқар ел аманатын арқалап 1994 жылы Жоғарғы Кеңестің II шақырылымының депутаты болып сайланды.

Ұзақ жылғы жемісті еңбегі ел аузында аңыз болған хирургтің жұмысын мемлекет те жоғары бағалап «Қызыл Ту» орденімен марапаттады. «КСРО денсаулық сақтау ісінің үздігі» (1974ж), «Қазақстанның еңбек сіңірген дәрігері» (1980ж), Арқалық қаласының және Жангелдин ауданының



«Құрметті азаматы» (1999ж), (2020 ж) атанды.

Асқар Байжұманұлы қатарынан 4 рет Орта Азия және Қазақстан хирургтерінің съездіне қатысқанының өзі бір белестің. Соңынан мықты-мықты хирург-дәрігерлер тізбе-

гін тәрбиелеген асқар таудай Асқар Байжұманұлы тек біздің туыс деуге сыймайтын ел азаматы болғандықтан барша Тобыл-Торғай өңірі жұртшылығына көңіл айтамыз.

**Туыс-туғандары,  
балалары**